

КАРЬЕРАМНЫҢ СӘТТИ БОЛУҢА ҮШІН КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАУҒА АСЫҒЫСТЫҚ ТАНЫТПАЙМЫН

→3

КӨҢІЛДІ КҮПТІ ЕТКЕН ЧЕМПИОНАТ

→4

ӘЛЕМДІК ТЕННИСТІҢ ЖАҢА АЛЫБЫ

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық апталық

qazaqsporty.kz

№37 (5388) 8 қазан 2022 жыл

Газет сенбі күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ТАШКЕНТТЕН ЕКІ ҚОЛА МЕДАЛЬ

ӘБИБА ӘБУЖАҚЫНОВА – ДЗЮДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН МЕДАЛЬ АЛҒАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚИЗЫ



ӨЗБЕКСТАННЫҢ БАС ШАҒАРЫ – ТАШКЕНТТЕ ДЗЮДОДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ. ЖАРЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ ЕКІ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША БӘСЕКЕЛЕР ӨТТІ. ТАТАМИҒЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШ БАЛУАНЫ ШЫҚТЫ. СОЛАРДЫҢ ЕКЕУІ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ.

60 келі салмақтағы Елдос Сметов тұсау-кесер кездесуін Карамат Хусейновке қарсы өткізді. 24 жастағы Әзербайжанның балуаны 2021 жылғы әлем және Еуропа чемпионаттарында қола медаль иеленді. Қазіргі кезде ол IJF рейтингінде 11-орында. Салыстырмалы түрде алсақ, қандасымыз 38 сатыға табан тіреп тұр. Оның үстіне дәл осы жігіт былтыр Будапештте ұйымдастырылған дүниежүзілік додада біздің Мағжан Шамшадинді қола медальдан айырған еді. Екеуара тартыс өте шиеленісті өтіп, бұл бәсеке Сметовтің пайдасына шешілді. Келесі кезеңде Елдос израильдік

Матан Ковлаевты иппонмен жеңді. Ширек финалда оның жолы әлемдік рейтингте көш бастап тұрған тайпейлік Ян Юн Вэймен қиысты. Токио Олимпиадасының финалисі, Азия ойындары мен құрлық чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегеріне қазақ дзюдошысының әлі жетпеді. Кеше кешкісін Сметов жұбаныш белдесулерінде бақ сынады.

Жұбаныш раундында Елдос Сметов испан Франциско Гарригостан мықтырақ болды. Ал қола жүлде үшін ол Өзбекстанның жергілікті спортшысы Дилшодбек Баратовпен кездесіп, қосымша

уақытта ғана «вазари» әдісімен жеңіп кетті.

– Елдос Сметовті Токиодан кейін дзюдодан кетер деп ойлаған едік. Алайда биыл 66 келіге ауысып, біраз жарыстарға барып көрді. 60 келіге оралғанда Мағжан Шамшадинге шамасы жете қоймас деген де ой болған. Жоқ, Сметовке 30 жас та, жарақат та сөз емес екен. Керек кезінде жинала қоятын, соңына дейін күресетін, әбжыландай қимылдары бар, арқасын тағамиден ала қашатын мықтылығына талай куә болдық. Ташкентте иығы ауырсынса да тұғырға шықты. Елдосты тізімнен сызу әлі ерте екен. Токиодан соң спорттан кетпегені, демек, Парижді көздегені, – деген журналист Руслан Меделбек 60 келіде әлі талай тартыс болатынын айтты.

→4

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛГЕН ТУРНИР

ASTANA OPEN ATP 500 ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА БІРДЕ-БІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕТЕ АЛМАДЫ



ТЕННИСТЕН ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ASTANA OPEN ATP 500 ТУРНИРІНДЕ КҮН ӨТКЕН САЙЫН

ТАРТЫС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ ТУРНИРДІҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ АЯҚТАЛЫП, ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚҚАН ТЕННИСТІЛЕРДІҢ ЕСІМІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА БІРДЕ-БІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕННИСШІ ЖОҚ.

Жарыстың алғашқы күнінде-ақ «Үлкен дулыға» санатындағы жарыстардың жеңімпазы, әлемдік рейтингте алдыңғы орында тұрған тәжірибелі теннисшілер жарыс жолынан шығып қалса, көп өтпей әлемнің бірінші ракеткасы испаниялық Карлос Алькарас да еліне аттанып кетті.

Жарыстың алғашқы күнінде «Үлкен дулыға» санатындағы турнирлерде қатарынан үш жыл (2014, 2015, 2016) топ жарған швейцариялық Стэн Вавринка, былтырғы Токио Олимпиадасының қола жүлдегері ресейлік Аслан Карацев, сонымен қатар әлемдік рейтингте 13-орында тұрған канадалық Феликс Оже-Альяссим да күтпеген жерде қарсыластарына жол берді.

Биыл ақпанда Роттердамда (Нидерланд) өткен ATP 500 турнирінің финалында әлемнің алтыншы ракеткасы грекиялық Стефанос Циципасты тізе бүктіріп, жарыс жеңімпазы атанған 22 жастағы Оже-Альяссимнің шамасы бұл жолы 34 жастағы испаниялық тәжірибелі теннисші Роберто Баутиста-Агутқа (ATP 21) жетпеді. Бірінші сетте Роберто 6:4 есебімен басым түскенімен, Феликс екінші сетте біраз қарсыласып бақты. Канадалықтың екі геймде брейк жасап, бұл сетті өз пайдасына аяқтайтын тамаша мүмкіндігі болған еді. Алайда Роберто есеп 6:6 болған кезде тай-брейкті тиімді пайдаланып, келесі кезеңге жолдама алды – 7:6.

Бірінші күннің кешкі сессиясында өнер көрсеткен ресейлік Андрей Рублёв (9) сербиялық Ласло Джерені (76) екі сетте 6:4, 6:3 есебімен еш қиындықсыз тізе бүктірді. Бұған дейін теннисшілер кортта төрт мәрте кездесіп, үшеуінде Андрей Рублёв басым түскен.

Жарыстың екінші күнінде де бірқатар тартысты кездесулер өтті. Ойын күнін ресейлік Карен Хачанов (18) пен америкалық Максим Кресси (32) ашып берді. Екі теннисші арасындағы алғашқы кездесуде Хачановтың мерейі үстем болды – 6:4, 7:4. Сондай-ақ тағы бір ресейлік Павел Котов 23 жастағы испаниялық Александро Давидович-Фокинаны (31) екі сетте – 6:4, 6:4 есебімен ұтты.

→5

БАСПАСӨЗ-2022



Myrzagalai AITJANOV, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖЕРЛЕСІМІЗ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ӘЛЕМІНДЕГІ ЕҢ БЕДЕЛДІ ҰЙЫМ – UFC-ДЕ ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШАВҚАТ РАХМОНОВ (16-0) ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ БІР САТЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ.



Жартылай орта салмақта айқасын отандасымыз бұған дейінгі рейтингте 11-орында тұрған болса, күні кеше жаңарған тізімде бір саты жоғарылап, үздік 10 спортшының қатарына қосылды. Сондай-ақ ол өз салмағында жеңіліссіз келе жатқан бес үздік спортшының бірі атанды. Жерлесіміз UFC ұйымында өткізген төрт жекпе-жегінің бәрін жеңіспен аяқтаған. Ал жалпы аралас жекпе-жекте 16 кездесу

өткізіп, барлығында үстемдік танытқан.

Сондай-ақ Ресейде туып-өскен қазақ файтері Дамир Исмағұлов та UFC рейтингінде бір саты жоғары көтерілді. Жеңіл салмақтың жаңартылған рейтингінде ол 11-орынға жайғасқан. Осылайша, Исмағұлов әйгілі Конор МакГрегордың алдына шығып алды. Ирландиялық спортшы рейтингте 12-орында тұр.

ТҮЗДЕ ҰТЫЛДЫ

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ОЙЫНДА АЛДЫМЕН, АЛАҢ ИЕЛЕРІ ЕСЕПТІ АШТЫ. ШАЙБА АВТОРЫ – ИГОРЬ ЛАРИОНОВ. ОСЫДАН KEЙІН «НАГОРНЫЙ» АРЕНАСЫНА ЖИНАЛҒАН БЕС МЫҢНАН АСА ЖАНКҮЙЕР ЕКІ КЕЗЕҢ БОЙЫ ГОЛ КӨРМЕДІ.

Әйткенмен, үшінші кезең өте тартысты өтті. Ойынның 45-минутында барыстықтар сапында Петухов мергендік танытып, есепті теңестіре алды. Осы голдан кейін елордалық клуб ойыншылары барын салып шабуыл жасағанымен, қарсылас команданың қақпасынан саңылау таба алмады. Есесіне, ойынның бітуіне

41 секунд қалғанда өз қақпаларына шайба жіберіп алды. Голдың авторы – Коваленко.

Осы голдан кейін қақпашыны алмастырған «Барыс» командасы 59:58 секундта тағы бір шайба жіберіп алды. Бос қақпаны дәл көздеген – Денис Ян. Қорытынды есеп – 3:1, «Торпедо» жеңіске жетті.



ТЕННИСШІЛЕРІМІЗ ӨЗБЕКСТАННАН БАСЫМ ТҮСТІ

ҚЫТАЙДЫҢ ЧЭНДУ ҚАЛАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН КОМАНДАЛЫҚ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕКІНШІ ТОПҚА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ БІРІНШІЛІКТЕГІ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Спортты дамыту дирекциясының мәліметі бойынша, жаһандық доданың кезекті тур ойынын Өзбекстан құрамасымен өткізген жерлестеріміз 3:0 есебімен жеңіске жетті. Халықаралық ірі-ірі жарыстарда бақ сынап, жүлделі орындардан көрініп жүрген Кирилл Герасименко, Алан Құрманғалиев пен Денис Жолудев онтүстіктегі көршілеріміздің спортшыларына еш мүмкіндік қалдырмады. Үш теннисшіміз де қарсыластарын 3:0 есебімен тізе бүктірді.

Әлем чемпионатының алғашқы екі турында

Франция мен Германиядан жеңіліп, кейіннен Өзбекстаннан басым түскен біздің теннисшілер кеше Үндістанмен ойнады. Осылайша, Қазақстан құрамасы алғашқы жеңісінен кейін турнир кестесінде Франциядан кейінгі 2-орынға көтерілді. Айта кетейік, алғаш рет 1926 жылы Англияда ұйымдастырылған үстел теннисінен әлем чемпионаты биыл 56-мәрте өткізіліп жатыр. 2000 жылдан бастап командалық әлем біріншілігі мәртебесін алған биылғы сайыста әлемнің 36 елінен келген 60 команда бақ сынап жатыр.



ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ТОП ЖАРДЫ

МАЖАРСТАННЫҢ СОМБАТХЕЙ ҚАЛАСЫНДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТКЕН СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН БЕСІНШІ ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Осыдан бірер апта бұрын Францияның бас шаһары – Парижде ұйымдастырылған Әлем кубогының төртінші кезеңінде күміспен күптелген отандасымыз Нариман Құрбанов бұл жолы тұғырдың ең биік сатысынан көрініп, Мажарстан төрінде Қазақстанның Әнұранын шықатты. Ол Самботхейдегі бесінші кезеңде атта өнер көрсету бағдарламасында чемпион атанды. Қытай Тайпэйнің өкілі екінші орынға ие болса, жапон спортшысы үздік үштікті түйіндеді.

Сондай-ақ Әлем кубогы кезеңінде өнер көрсетіп жатқан тағы бір жерлесіміз Милад Карими еркін жаттығуда күміс медаль жеңіп алды.



Самботхей қаласында өткен Әлем кубогы жолындағы жарыста 27 елдің спортшылары 30 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Бұл қатарда Олимпиада мен әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Енді Әлем кубогының соңғы, алтыншы кезеңі 7-9 қазанда Түркияның Мерсин қаласында өтеді. Кейіннен гимнасттар 29 қазанда Англияда басталағын әлем чемпионатына қатысады.

ТОҚАЕВТЫ КЕРЕК ҚЫЛМАДЫ



ФУТЗАЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ БҮГІН 2024 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ІРІКТЕУ ТУРНИРІН БАСТАЙДЫ. ЖАҚЫНДА ҚҰРАМАНЫҢ БАС ЖАТТЫҚТУРУШЫСЫ РИКАРДО КАКА СЛОВЕНИЯМЕН ӨТЕТІН АЛҒАШҚЫ ОЙЫНҒА ШАҚЫРЫЛҒАН ФУТЗАЛШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАДЫ.

Тізімге 16 ойыншы енген. Өкінішке қарай, ұлттық құраманың көшбасшылары, былтырғы

Еуропа біріншілігінің үздік сұрмергені Біржан Оразов пен Эдсон жаракатына байланысты құрамаға

ЕКІНШІ ОРЫНҒА ТАБАН ТІРЕДІ

ЖУЫРДА ҒАНА ВЕЛОСПОРТТАН АУСТРАЛИЯДА ӨТКЕН 23 ЖАСҚА ДЕЙІНГІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕВГЕНИЙ ФЕДОРОВ «ТУР ЛОМБАРДИ» БӘСЕКЕСІНДЕ ДЕ ЖҮЛДЕЛІ ОРИННАН КӨРІНДІ.

22 жастағы Astana Qazaqstan Development Team командасының өкілі 94-мәрте ұйымдастырылған жастар арасындағы бір күндік «Тур Ломбарди» жарысында мәре сызығын екінші болып кесті.

Отандасымыз кезең бойы белсенді жұмыс істегенімен, соңғы сәтте жекелей жарыста 23 жасқа дейінгілер арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, Еуропа чемпионы бельгиялық велоша-

шакыртылған жоқ. Сондай-ақ кейінгі уақытта тәуір ойынымен көзге түсіп жүрген Жомарт Тоқаев та тізімге ілінбей қалған. Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасына мына ойыншылар шақырту алды: **Қақпашылар:** Игита («Қайрат»), Нұрәлем Байдулла («Рахмет»), Андрей Голубничий («Ақтөбе»);

Алаңдағы ойыншылар: Дуглас, Дәурен Нұрғожин, Шыңғыс Есенаманов, Дәурен Тұрсағұлов, Альберт Ақбалықов (барлығы – «Қайрат»), Лео («Жоинвиль», Бразилия), Тайнан («Эль-Посо», Испания), Азат Валиуллин («Аят»), Арнольд Кнауб, Райымбек Жұма (екеуі де – «Каспий»), Евгений Кошкин, Ақжол Дәрібай (екеуі де – «Астана»), Серік Мәжитов («Бәйтерек»).

Қазақстан мен Словения арасындағы матч 8 қазан күні Астанадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында өтеді.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КЕСТЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ



12 ЖӘНЕ 28 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА РИГА МЕН ТАМПЕРЕДЕ ӨТЕТІН 2023 ЖЫЛҒЫ ХОККЕЙДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ МАТЧТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

Қазақстан құрамасы В тобында Латвия астанасында ойнайды. Бізге қарсы ойнайтын командалар: Канада, Чехия, Латвия, Норвегия, Словакия, Словения және Швейцария.

Қазақстан құрамасы матчтарының кестесі: 13 мамыр, 19:20 – Норвегия – Қазақстан 14 мамыр, 23:20 – Чехия – Қазақстан 16 мамыр, 23:20 – Швейцария – Қазақстан 17 мамыр, 23:20 – Канада – Қазақстан 19 мамыр, 23:20 – Қазақстан – Словакия

20 мамыр, 23:20 – Қазақстан – Латвия 22 мамыр, 23:20 – Қазақстан – Словения (Нұр-Сұлтан уақыты көрсетілген).

А тобында Финляндияда Австрия, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Венгрия, Швеция және АҚШ ойнайды.

Ширек финалдық кездесулер Рига мен Тампереде, жартылай финалдар, финал мен үшінші орынды анықтайтын матч Тампереде өтеді.

ТАШКЕНТТЕН ЕКІ ҚОЛА МЕДАЛЬ

ӘБИБА ӘБУЖАҚЫНОВА – ДЗЮДОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН МЕДАЛЬ АЛҒАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



← 1

– Қазір Мағжан әлемдік рейтингте Елдостан жоғары тұр, бірақ Ташкенттегі қола Елдосты да рейтингте көтермек. Өткенде Мағжан Астанадағы Азия чемпионатында қола алғанда Парижге «атандырып» қойған едім, жоқ, Елдос әлі бабында екен. Кім барса да Қазақстан 60 келіде үшінші олимпиада қатарынан жүлде алса болды.

Дәл осы салмақтағы Мағжан Шамшадин алғашқы айналымда 25 жастағы Италия дзюдошысы Анджело Пантаномен күш сынасты. Үздіктер тізімінде Мағжан 9-сатыға жайғасса, Апеннин түбегінің өкілі қалың топтың ортасында қалып қойды. Соған қарамастан, Пантано Шамшадинді шаң қаптырып кетті.

Әйелдер сайысында аса жеңіл салмақта Әбиба Әбужақынова өз жанкүйерлерін қуантты. Бастапқы бәсекесінде ол бразилиялық Аманда Лимамен шеберлік байқасты. IJF рейтингінде екеуі қатар жайғасқан. Қазақ қызы 22-орынды иеленсе, Панамерика чемпионы одан екі саты жоғары тұр. Қосымша уақытта Әбиба қарсыласын қос жауырынымен жерге қадаса, келесі кезеңде Еуропаның екі дүркін чемпионы, әлемдік рейтингтің көшбасшысы, франциялық Ширин Буклиден басым түсті. Ширек

финалда Әбужақынова құрлық біріншілігінің қола жүлдегері, сербиялық Милица Николичтің осал тұсын тапты. Осылайша, ол жартылай финалға жолдама алды.

Алайда, жартылай финалда ол жапондық Нацуми Цунадедан жеңіліп қалды. Ал үшінші орын үшін сайысты жерлесіміз Мари Де Варгас Леймен (Чили) кездесті. Қосымша уақытта қарсылас үш ескерту алды, бұл қазақстандықты марапат иегері етті.

Ал дзюдо федерациясының қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері (пиар-менеджер) Әйгерім Тоқсанбек болса, Ташкентте татамиге шыққан үш дзюдошыларымыз үшін жарыс жолы оңай болған жоқ екенін айтты. – Елдостың тобы «өлім» тобы болғаны анық. Олимпиаданың үш жүлдегері бір топқа түсті. Олардан бөлек әлем рейтингінде ТОП-та тұрған испандықтың өзі не тұрады?! Тайпейлікпен күресте Елдос қорғанамын деп, жарақатын ауыртып алды. Кездесу аяқталғаннан кейін жаттығу залында алтынға жетпей қалдым деп, ызадан, шарасыздықтан көзіне жас алды. Дәрігерлер қарап болғаннан соң Ғалымжан ағай Елдостың жағдайын біліп: «Егер қатты ауырып тұрғанын сезсең шықпа. Денсаулық қымбат, керек. Егер татами көрсетеді, бұйырағы деп шығатын болсаң, шықпа»

деп еді, Елдос: «Жоқ, ағай, күресем, күресем мен» деп, ақ кимоносын ауыстырып, жұбаныш белдесуге күресуге кетті. Сырттай бақылап тұрып, жүрегім езілді, – дейді Ә.Тоқсанбек. Оның айтуынша, Елдосқа залдың қолдауы ерекше болған. Ондай құрметті тіпті Олимпиада чемпионы, әлемнің төрт дүркін чемпионы атанып жатқан Такаатоға көрсетіп жатқан жоқ. Елдос да қолдауды сезінгенін, жарақатына қарамастан осындай қолдауды көріп тұрып, намысқа тырысқанын жасырмады. Осылайша, Елдос Сметов ел дзюдосы тарихында әлем чемпионынан үш рет медаль алған алғашқы қазақстандық дзюдошы атанды. – Екінші баламыз Мағжан... «өзімнің қателігім, Қазақ елінен кешірім сұраймын» деп жылап жатыр, – деп сөзін жалғады пиар-менеджер Ә.Тоқсанбек. – Әбибаға келер болсақ, оған сөз жоқ. Жеребе тартылғанда-ақ оны бәрі жарыстан екінші айналымнан шығарып тастады. Себебі оның тобында осы салмақта әлемдегі ең мықты дзюдошы, рейтингте көш бастап тұрған Еуропа чемпионы, 2021-2022 жылдары өзі қатысқан барлық Гран-при, Гранд Слэм жарыстарында тек қана алтын алған, тұрақты нәтиже көрсетіп жүрген Ширине Баукли еді. Жеребе тартылғанда Әбибаның көңіл күйі түсіп «бірақ жеңіп алуға болады оны

да, дайынмын» деген еді. Өзі айтқандай-ақ, жеңіп алды. Дымын сездірмей. Бірінші әдіс жасап, вазарин иемденсе, қарсыласы қорғанысқа шығып, есепті теңестірді. Әбиба намысқа тырысып, уақыт аяқталуға жақындағанда тағы да шабуыл жасап, вазариді иппонға айналдырды. Зал гүр ете қалып, француз қызын шығарып салды. Әрине, ондай жеңілісті француздар күткен жоқ. Осында жарысқа келген франциялық әріптесіміз «бүгін біз үшін жаман күн», деп мені құттықтап кетті. Одан кейін Әбибаның қола жүлде үшін белдесуі 10 минутқа созылды. Сонына дейін өліспей беріспей, қоланы қоржынға салды. Бұл медальдің Қазақ елі үшін құны бөлек. Қазақ қыздарының қуанышы, үміті. Үнемі көлеңкеде қалатын тұтас құраманың жеңісі, үні. Қазақ қыздар дзюдо мектебінің әлем чемпионатындағы алғашқы медалі, қоласы. Қазақ қыздарының алғашқы жартылай финалы, қазақ қыздарының алғашқы медалі. Осы уақытқа дейін әлем чемпионатында әйелдер құрамасы екі рет қола алған. Оның екеуі де Галбдрахқа тиісті еді. Бүгін, міне, тарихтың жаңарғанына куә болып отырмыз. Әбиба жастар арасында әлем чемпионатының финалына шығып, күміс алған болатын. Ол кезде де қазақ қыздары арасындағы алғашқы финалист болды.

Әбиба енді қазақ әйелдер дзюдосын алға сүйрейтіні анық. Осыған дейін Галбдрах сүйреп келген еді, енді 48 келіде оның ізбасары шықты. Өдетте жарыста Қазақстан қыздарының жеңілісіне ег үйреніп кеткен. Енді Әбибаның жолына үмітпен қараймыз.

Әбиба – әлем чемпионатында жүлде алған алғашқы қазақ қызы. Енді Олимпиадада жүлде алған алғашқы қазақ қызы болсын деген тілек.

Қазақстан құрамасы әлем чемпионатының екінші күнінде жүлдесіз қалды.

Жарыстың екінші күнінде татамиге 66 келіге дейінгі салмақта ерлер, 52 келіге дейінгі салмақта дәрежесінде әйелдер өзара мықтыны анықтады. Қазақстан сапынан Ғұсман Қырғызбаев пен Гаухар Ирмағамбетова татамиге шықты. Ғұсман Қырғызбаев Италия спортшысы Пирас Маттеоны ұтқанымен, екінші айналымда тәжірибелі Оңтүстік Корея спортшысы Ан Баулаға есе жіберді.

Ал әйелдер арасында Гаухар Ирмағамбетова жарысты сәтті бастады. Швейцариялық Фабиенне Кочерді небәрі жеті секундта жеңіп, екінші айналымға жолдама алды. Алайда екінші айналымда Польша спортшысы Калета Александрдан жеңіліп, жарысты аяқтады.

КӨҢІЛДІ КҮПТІ ЕТКЕН ЧЕМПИОНАТ

ВОЛЕЙБОЛДАН НИДЕРЛАНД ПЕН ПОЛЬШАДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ АЯҚТАЛДЫ. С ТОБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ АТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АРНЕМ ЖӘНЕ ЛОДЗЬ ҚАЛАЛАРЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, БАРЛЫҚ КЕЗДЕСУНДЕ ОЙСЫРАЙ ҰТЫЛҒАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖАРЫС КЕСТЕСІНДЕ ЕҢ СОҒЫ ОРЫНДА ҚАЛЫП ҚОЙЫП, ӨЗ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІН ЖЕРГЕ ҚАРАТТЫ.


Тарқатып айтсақ, тұсаукесер кездесуде біздің қыздар Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарында жүлделердің толық жиынтығын жеңіп алған әйгілі АҚШ құрамасынан ұтылды. Екінші ойында Еуропа біріншілігінің төрт дүркін жеңімпазы Германияға есе жіберді. Үшінші бәсекеде Панамерика ойындарының қола жүлдегері Канада қапы қалдырып кетті. Одан кейін әлем және Еуропа чемпионы, Олимпия ойындарының күміс жүлдегері Сербия сан соқтырды. Соңғы сайыста Мәскеу Олимпиадасының қола жүлдегері, құрлық чемпионы Болгария бет қаратпады. Бұл кездесулердің барлығы да 0:3 есебімен аяқталды. Ең өкініштісі, Қазақстанның волейболшылары бірде-бір партияда жеңіске жете алмады. Бұл – қыздарымыздың әлем чемпионаты тарихындағы ең нашар көрсеткіші.

Аталған жарыста барлығы 24 команда өнер көрсетуде. Олар алты-алтыдан төрт топқа бөлінді. Бұл бәсекелер мынадай нәтижелермен аяқталды: **А тобы** – Италия (15 ұпай), Бельгия (9 ұпай), Нидерланд (9 ұпай), Пуэрто-Рико (6 ұпай), Кения (3 ұпай) және Камерун (0 ұпай). **В тобы** – Түркия (11 ұпай), Доминикан Республикасы (11 ұпай), Таиланд (10 ұпай), Польша (10 ұпай), Оңтүстік Корея (3 ұпай) және Хорватия (0 ұпай). **С тобы** – Сербия (14 ұпай), АҚШ (12 ұпай), Канада (8 ұпай), Германия (7 ұпай), Болгария (4 ұпай) және Қазақстан (0 ұпай). **Д тобы** – Қытай (12 ұпай), Жапония (12 ұпай), Бразилия (12 ұпай), Аргентина (5 ұпай),

Чехия (3 ұпай) және Колумбия (1 ұпай).

Әр топтың үздік төрт командасы екінші айналымға өтті. Енді олар екі топқа бөлініп, екінші кезеңде күш сынасады. Бұл сынақтан іркілмей өткен ең мықты сегіз ұжым плей-оффқа жолдама алады. Ширек финалдық сайыстар 11 қазанда өтсе, екі күннен соң жартылай финалдық бәсекелерді тамашалаймыз. Ал биылғы әлемдік доданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 15 қазан күні анықталады.

Тарихқа үңілсек, әйелдер арасындағы әлем чемпионатының тұсауы сонау 1952 жылы Мәскеу қаласында кесілген екен. Содан бастап, тоқсаныншы жылдардың басына дейінгі кезеңде ең көп олжаға кенелген КСРО құрамасы. Олар аталған мерзім аралығында өткен 11 доданың бесеуінде (1952, 1956, 1960, 1970, 1990 жылдары) дара шықса, сонымен қатар екі күміс пен бір қола медаль еншіледі. Бір айта кетерлігі, 1970 жылы Болгарияда өткен жарыста бас жүлдені олжалаған команданың сапында 22 жастағы Нина Смолеева өнер көрсетті. Ленинград облысында дүниеге келген болашақ жұлдыздың балалық және жастық шағы Алматыда өткенін көзі қарақты жанкүйерлер жақсы біледі. Жергілікті АДК клубы сапында шеберлігін шыңдаған Нина уақыт оза одақтың беткеуістар волейболшыларының біріне айналды. Дәл сол Смолеева 1978 жылғы чемпионатта да ойнады. Сол жылы кеңес одағында жалауы желбіреген жарыста жергілікті команда қола медальды қанағат тұтты. Одан бөлек,



Нина Смолееваның Мехико мен Мюнхен Олимпиадаларының жеңімпазы, Монреаль Олимпиадасының күміс жүлдегері, Әлем кубогінің иегері және Еуропаның төрт дүркін чемпионы деген атақтары бар.

1990 жылы КСРО құрамасы тағы да теңдессіз деп танылды. Қытайда шымылдығы түрілген жарыста 25 жастағы Елена Чебукина жасындай жарқылдады. Ол – Балқаш қаласының тумасы. 1983-1991 жылдар аралығында Елена АДК-нің намысын қорғады. Жерлесіміз Сеул Олимпиадасының жеңімпазы, Барселона Олимпиадасының күміс жүлдегері, Әлем кубогінің иегері, Еуропа біріншілігінің үш дүркін жеңімпазы және төрт дүркін қола жүлдегері атақтарын иеленді.

Жапония құрамасының да қарқыны өте күшті болды. Олар дүниежүзілік додаларда үш мәрте (1962, 1967, 1974) дара шықты. Сол жарыстардың екеуінде Күншығыс елінің қыздары КСРО-ны қапы қалдырса, тағы біреуінде АҚШ-тан айласын асырды. Қытай екі рет (1982, 1986) және Куба бір рет (1978)

чемпиондық тұғырға көтерілді. Ал кеңес одағы келмесе кеткеннен кейін нақты бір команданың алғашқы басымдығы байқалған жоқ. Алғашқы екі жарысты Куба құрамасы ұтты. Бостандық аралының бұрымдылары 1994 және 1998 жылдары алдарына жан салмады. 2002 жылғы жарыста Италия жеңімпаз атанды. 2006 және 2010 жылдары Ресей топ жарды. 2014 жылы АҚШ-тың арулары алтыннан алқа тақты. Ал 2018 жылы Сербияның шоктығы биік болды. Соңғы дүниежүзілік доданың жартылай финалында Нидерландты (3:1) сан соқтырған түркі финалда Италиядан (3:2) басым түсті.

Қазақстан құрамасы жер-жаһанның ең үздіктері жиналған дүбірлі додада бес мәрте бақ сынады. 2006 жылы Жапонияда арасында бесінші орын иеленді. Біздің қыздар АҚШ (2:3), Бразилия (0:3), Пуэрто-Рико (1:3) және Нидерландқа (2:3) есе жіберіп, Камерунды (3:0) қапы қалдырды. Қорытынды есепте 24 команда арасынан 17-орынды иеленді. 2010 жылғы жарысты да Жапония

қабылдады. Бұл жолы бес бәсекенің барлығында жеңілістің кермек дәмін татып, 21-орынды қанағат тұттық. Күншығыс елінде АҚШ (0:3), Германия (0:3), Куба (2:3), Таиланд (1:3) және Хорватия (0:3) волейбошыларының оңай олжасына айналды. 2014 жылы Италияда екі кездесуде жеңіске жетіп, соның арқасында 15-сатыға табан тіредік. Апеннин түбегінде Таиланд (3:0) пен Мексиканы (3:0) ұтқанымызбен, АҚШ (0:3), Ресей (0:3), Нидерланд (0:3), Бразилия (0:3), Сербия, (0:3), Болгария (0:3) және Түркияға (0:3) жол бердік. 2018 жылы жапон жерінен жанарымызбен жер шұқып қайтық. Бұл жолы Бразилия (0:3), Сербия (0:3), Доминикан Республикасы (0:3), Пуэрто-Рико (0:3) және Кениядан (0:3) ойсырай ұтылды. Ал биылғы жарыста қандай нәтиже көрсеткенімізді жоғарыда айттық.

Финалдық матч 15 қазанда Нидерландтың Апелдорн қаласында өтеді.

Бетті дайындаған –
Занғар КЕРІМ

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛГЕН ТУРНИР

АСТАНА OPEN ATP 500 ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНА БІРДЕ-БІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕТЕ АЛМАДЫ

← 1

Өкінішке қарай, Astana Open турниріне арнайы шақырту алған қазақстандық теннисші Михаил Кукушкин былтырғы «Ролан Гаррос» жарысының финалисі грекиялық Стефанос Циципастан қатарынан бесінші матчта жеңіліп қалды – 3:6, 4:6. Сондай-ақ екінші күннің түсік сессиясында кортқа шыққан италиялық Люка Нарди (156) ресейлік Александр Шевченконы (146) екі сетте – 7:6, 6:2 есебімен жеңіп, екінші айналымға шықты.

Бұл күні жанкүйерлер испаниялық жас талантты теннисші Карлос Алькарастың өнерін асыға күткен еді. Алайда әлемнің мақтаулы теннисшісі алғашқы айналымда күтпеген жерде бельгиялық Давид Гоффеннен екі сетте (7:5, 6:3) жеңіліп қалды. Негізі бұл матчта Гоффеннің орнына даниялық Хольгер Руне ойнау керек еді. Бірақ 19 жастағы даниялық теннисші жарاقاتына байланысты Астанадағы турнирге қатысудан бас тартты да, оның орнына іріктеу сайыстарының финалында жеңілген бельгиялық Давид Гоффен шықты. Сөйтіп, іріктеу кезеңінен өте алмаған теннисші әлемнің бірінші ракеткасын жеңіп, сенсация жасады.

Сонымен қатар екінші күнінде жарыс жолына Қазақстанның бірінші, әлемнің 43-ракеткасы Александр Бублик шығып, Astana Open ATP 500 турнирінің екінші айналымына жолдама алды.

Өз жанкүйерлерінің алдында өнер көрсеткен жерлесіміз алғашқы кезеңде әлемнің 54-ракеткасы нидерландтық Таллон Грикспурмен шеберлік байқасты. Жалпы, осы уақытқа ойынға дейін қарсыластар бір-бірімен өзара екі рет кездесіп, екеуінде де Бубликтің асығы алшысынан түскен еді. Бұл жолы да Александрдың бағы жанды. Астанадағы матчтың бірінші партиясында Бублик қарсыласына бірде-бір сет бермей, 6:0 есебімен жеңіске жетті. Бірінші кезең небәрі 21 минутқа созылды. Екінші сетте Т.Грикспур қателіксіз ойнап, таразы басын өзіне аударды – 6:4. Александр алғашқы сеттегі жеңісінен кейін еркінсіп кетті ме, әйтеуір бұл партияда брейк-пойнттарын ұтымды пайдалана алмады. Есесіне ондай мүмкіндіктерді қарсыласы мүлт жіберген жоқ.

Үшінші, шешуші партияда есеп 2:1 болған мезетте қазақстандық теннисші брейк жасап, кейіннен өз геймінде де жеңіске жетті – 4:1. Алтыншы геймде де тағы бір брейк жасап, 5:1 есебімен партияны аяқтауға жақын тұрған еді. Бірақ кейінгі екі геймде Грикспур де брейк жасап, есеп айырмасын қысқартты – 5:3. Дегенмен Александр допты ойынға қосқан өз геймін сәтті аяқтап, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Бір сағат 40 минутқа жалғасқан бәсекеде А.Бублик 15 әйс жасап, 9 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды.

Алайда, жанкүйерлердің қошеметіне бөленген Қазақстанның бірінші, әлемнің 43-ракеткасы Александр Бублик екінші айналымда жеңіліп қалды. Жерлесіміз екінші кезеңде әлемнің 10-шы, осы жарыстың 7-ракеткасы польшалық Хуберт Хуркачпен шеберлік байқасып, екі сетте 6:4, 6:7 есебімен қарсыласына жол берді. Осылайша, Бублик ширек финалға жетпей жарыс жолынан шығып қалды. Ол екінші айналымда Польша теннисшісіне қарсы ешқандай айла-тәсіл қолдана алмады. Сөйтіп, өз жерімізде алғаш рет ұйымдастырылып жатқан Astana Open ATP 500 турнирінде бірде-бір қазақстандық теннисші қалмады. Жарыс енді шетелдік теннисшілердің өнерімен жалғасады.

Сондай-ақ әлемнің төртінші ракеткасы ресейлік Даниил Медведев те екінші айналымға жолдама алды. Ол тұсауекер кездесуінде әлемдік рейтингте 40-орында тұрған испаниялық Альберт Рамосты екі сетте – 6:3, 6:1 есебімен еш қиналмай ұтты. Медведев екінші кезеңде финляндиялық Эмиль Руусувуоримен (53) ойнайды. Сонымен қатар хорватиялық Марин Чилич те жарысты сәтті бастады. Ол германиялық Оскар Оттені үш сетте – 7:5, 6:7, 6:2 есебімен сүріндірді.

Ал әлемнің оныншы ракеткасы Андрей Рублёв екінші айналымда қытайлық Чжичжень Чжанды ұтып (6:3, 6:2), алғашқылардың бірі болып ATP 500 Astana Open турнирінің ширек финалына шықты.

Жұттық сында бақ сынаған қазақстандықтар Андрей Голубев пен Александр Недовесов бірінші айналымда франциялықтар Адриан Маннарино мен Фабрис Мартенге жол берді – 6:3, 4:6, 9:11.



Елордадағы турнирге дейін Израильдің Тель-Авив қаласында өткен Tel Aviv Watergen Open дода-сына қатысқан Новак Джокович карьерасындағы 89-шы жеңісіне қол жеткізді. Финалда ол 2014 жылғы АҚШ ашық біріншілігінің жеңімпазы хорватиялық Марин Чиличті екі сетте – 6:3, 6:4 есебімен ұтқан болатын. Жеңімпаз Джокович елордаға да тек жеңіс үшін келгені белгілі. Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратовтың арнайы шақыруымен келген сербиялық саңлақ алғашқы айналымда әлемдік рейтингте 81-орында тұрған Кристиан Гаринмен шеберлік байқасып, бір сағатқа жалғасқан матчта қарсыласын екі сетте тізе бүктірді – 6:1, 6:1. Екінші айналымда сербиялық теннисші Нидерланд өкілі Ботик ван де Зандшулпен ширек финалдың жолдамасын сарапқа салды.

Ал хорватиялық Марин Чилич үшін Астанадағы турнир сәтті басталғанымен, жарыстың екінші кезеңінен әріге аса алмады. Ресейлік Карен Хачановпен ойнаған ол бірінші сетте 6:2 есебімен басым түскенімен, қалған екі партияда қарсыласы мықтылық

танытты – 3:6, 3:6. Сондай-ақ турнирдің бірінші айналымында әлемнің бірінші ракеткасы испаниялық Карлос Алькарасты жеңіп, кішігірім сенсация жасаған бельгиялық Давид Гоффен (66) екінші кезеңде франциялық Адриан Маннаринодан (51) жеңіліп қалды – 6:3, 1:6, 5:7.

Испаниялық Роберто Баутиста-Агут (21) пен грекиялық Стефанос Циципас (6) ширек финалға жолдама алды. Баутиста-Агут екінші кезеңде ресейлік Павел Котовты екі сетте – 6:1, 7:6 есебімен ұтса, Циципас италиялық Люка Нардиден (152) басым түсті – 7:6, 7:6.

Astana Open турнирінің ширек финалына Адриан Маннарино (Франция), Андрей Рублёв (Ресей), Стефанос Циципас (Грекия), Карен Хачанов (Ресей), Роберто Баутиста-Агут (Испания), Хуберт Хуркач (Польша) секілді теннисшілер шықты.

Кеше Astana Open ATP 500 турнирінің ширек финалына шыққан барлық ойыншылар кордка шықты.

7 қазан күні алғашқы болып елорда уақытымен сағат 12:00-де кортка ресейлік, әлемнің 9-ракеткасы Андрей Рублёв пен франциялық Адриан

Маннарино (51 ATP) шықты. Бұл матчта ресейлік теннисші франциялық әріптесін 6:1, 6:2 есебімен басым түсіп, жартылай финалға шыққан алғашқы теннисші атанды.

Әлемнің 6-ракеткасы, грекиялық Стефанос Циципас поляк Хуберт Хуркачпен (10 ATP) ойнап, 7:6 (8), 6:3 есебімен басым түсті.

Ширек финалдың кешкі сессиясы сағат 18:00-де басталды. Орталық кортта әлемнің 7-ракеткасы, «Үлкен дулыға» турнирінің 21 дүркін чемпионы, сербиялық Новак Джокович пен ресейлік Карен Хачанов (18 ATP) өнер көрсетіп, аталған матчта 6:4, 6:3 Джокович жеңіске жетті.

Ширек финалдың соңғы ойынын әлемнің 4-ракеткасы, ресейлік Даниил Медведев пен испаниялық Роберто Баутиста-Агут (21 ATP) қорытындылады. Бұл сында ресейлік спортшы қарсыласын аса бір қиналмай 6:1, 6:1 есебімен басым түсті.

Осылайша, жартылай финалда Рублёв – Циципас, Джокович – Медведев басты жүлде үшін таласқа түседі.

Заңғар КЕРІМ



ДЖОКОВИЧ АСТАНАДАҒЫ ТУРНИРГЕ БАҒА БЕРДІ

«ҮЛКЕН ДУЛЫҒА» ТУРНИРЛЕРІНІҢ 21 ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ СЕРБ НОВАК ДЖОКОВИЧ АСТАНАДАҒЫ ТУРНИР АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТЕННИС ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БОЛАТ ӨТЕМҰРАТОВПЕН ДОСТЫҒЫ ТУРАЛЫ АЙТТЫ.

– Турнир өте мықты құрамды жинаған. Ойыншылар тізімін көргенде таң қалдым, өйткені мұндай құрам әдетте «Мастерс» немесе «Үлкен дулыға» секілді ірі жарыстарда жиналады. Басқа ойыншылармен де сөйлестім, бәрінің пікірі ортақ – жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

– Астана ұнап жатыр ма? Осымен елордаға екінші рет келіп отырсыз.

– Мен Қазақстанда соңғы рет 2019 жылы болдым, Рафа екеуіміз Астанада жолдастық матч өткізгенбіз. Бір күнде Астананың көрікті жерлерін көріп үлгермедік, осы жолы бір апта уақытым бар, қаланы әбден аралаймыз.

Бүгін таңертең саябақта серуендеп үлгердім, ауа райы керемет болды, жергілікті адамдарды ерекше атап өткім келеді, олар мейірімді екен,

халықтың қолдауы мен энергиясын сездім. Жергілікті тұрғындардың тенниске деген қызығушылығын көріп қуанып қалдым.

– Сізді бұл турнирге Болат Өтемұратов арнайы шақыртты деп еді. Өзара қарым-қатынас жайлы айтып берсеңіз.

– Болат Өтемұратовты досым деп есептеймін. Ол Қазақстанда теннисті дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. Халықаралық теннис федерациясында үлкен мәртебеге ие. Ол барлық ойыншыларды құрметтейді. Теннисті осылай жан-тәнімен қолдайтын адамның болғаны керемет қой.

Барлық ойыншылардың атынан осындай турнир ұйымдастырғаны үшін оған алғыс айтамын! Ол кісі



спортты ғана емес, аз камтылған отбасыларды қолдайды, бұл керемет жайт.

– Australian Open-2023-ке қатысты жақсы жаңалық бар ма? (Былыр Джоковичке вакцинадан бас тартқаны үшін аталған турнирге қатысуға тыйым салынған – ред.)

